

Бекітемін:  
Мұғалжар аудандық білім  
бөлімі басшысы Б.К. Аманжол



«26» тауыс 2022 жыл

Келісемін:  
Мұғалжар АББ әдістемелік  
кабинет меңгерушісі міндетін  
атқарушы Ж.М. Жайбергенова

«26» тауыс 2022 жыл

Келісемін:  
Ақкемер жалпы білім беретін  
орта мектебінің директорының  
міндетін атқарушы  
А.Т. Дуркытқызы

«26» тауыс 2022 жыл



Мұғалжар ауданы  
Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебінің  
2022-2023 оқу жылына арналған

ОҚУ ЖОСПАРЫ

Мұғалжар ауданы 2022 – 2023 жж

## ТҮСІНІК ХАТ

Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда төмендегі негізгі нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алынды.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту»;
- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022 – 2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» (2021 жылғы №378 бұйрық) 2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама Әдістемелік-нұсқау хаты;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 1-4 сыныптар үшін 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 2- қосымша орыс тілінде жүргізілетін 2 - сынып үшін;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы 6- қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 6- қосымшаны 5-9 кластар үшін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы 7- қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 7- қосымшаны оқыту орыс тілінде жүргізілетін 6«б»,7«б» – кластар үшін;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 85-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 10«ә»-класс үшін;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 39-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 86-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 10«а», 11«а», 11«ә» - сыныптары үшін бекітілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы.

- «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы)
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы)
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.
- «2022-2023 оқу жылында «білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ – 76 бұйрығы;

Оқу жұмыс жоспары 2 бөлімнен: инварианттық және вариативтік компоненттен тұрады.

**Вариативтік бөлімінің белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар оқыту қазақ тілінде бастауыш білім берудің 1а,ә,б сыныптарында - «Логикалық цифрлар» курсы жүргізіледі.**

Мақсаты: Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді;

- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады;
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді;
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады;
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады;
- Проблемалық жағдаятты шеше алады;
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды;

**2 «а» сыныбында «Математика әлемі» курсы**

Мақсаты: Логикалық тапсырмалар арқылы жеке тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыта отырып, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ойын еркін дәлелдеуге, ізденімпаздылыққа үйрету.

-Логикалық ой-өрісін кеңейте отырып, практикалық іскерліктерін қалыптастыру. Ойын арқылы пайымдауға, шығармашылық тұрғысынан ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға және қорытынды жасауға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Дұрыс және жылдам есептей алу;
- 2-5-ке көбейту кестесін қолдана алу;
- 1000 көлеміндегі сандарды қосу және азайту;
- Уақыт шамаларының мәнін салыстыру және сағат бойынша уақытты дәл анықтау;
- Шамалар өлшем бірліктерін түрлендіру;
- Геометриялық фигураларды тану, сызу және құрастыру;
- Логикалық есептерді шешудің жолын табу
- Көбейту мен бөлуге берілген теңдеуді шеше алу;
- Жиынды және оның элементтерін белгілеу;
- Тура және жанама сұрақтармен берілген есептерді шығару;

**3 «а», «ә», «б» сыныптарында - «Шахмат» курсы.**

Мақсаты: Шахмат ойынының шығуы туралы, шахматты ойлап табу жөніндегі қызықты аңызды айту арқылы шахмат ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

-Білім алушылардың негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана алады.

- Ой қорыту, талдау, жинақтау, топтау дағдылары қалыптасады.
- Баланың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттері дамиды.

**4 «а», «ә» сыныптарында - «Домбыра» курсы**

Мақсаты: Ұлттық аспабымыз –домбыраны тәрбие құралы ретінде пайдаланып, сол арқылы салт-дәстүрлерімізді насихаттау, асыл мұрамызды құрметтеуге, өнерсүйгіштікке баулу, Отанын сүйюге, ұлтжанды, жан-жақты дамыған және жеке тұлға етіп тәрбиелеу. Талапкер өнерпаз қауымның домбыра тартуды меңгеріп, музыкалық сауаттылығын арттырып, эстетикалық талабын арттыру. Мәдениеттану, өнертану мамандықтарына баулу, ұлттық өнерімізді дамыту бағытындағы мамандықтарға бейімдеу.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар білімдерін күнделікті тұрмыста, өз беттерімен домбыра тартуға шығармашылық қабілеттерін дамытуға, музыка оқулықтарын жұмыс жасауға үйренеді. Домбыра аспабына қызығушылығы оны үйренуге ынталары оянады. Домбыраны қалай ұстау, тартқанда қалай отыру керектігін үйренеді. Домбыраның құлақ күйін келтіруге машықтанады. Сахнаға шығу және актерлік шеберлікке үйренеді. Халық мәдениеттің мұрасы "домбыраны" меңгерген және рухани толысқан тұлға ретінде қалыптасу.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің 5<sup>а-д</sup>, 6<sup>а-д</sup> кластарында вариативтік компонент бөлімінен элективті курстарға аптасына 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсы жүргізіледі.

Мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін қалыптастырады

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмектісе алады.

**Оқыту орыс тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің 6<sup>б</sup>, 7<sup>б</sup> кластарында вариативтік компонент бөлімінен элективті курстарға аптасына 0,5 сағаттан «Глобальные компетенции» курсы жүргізіледі. Курстың мақсаты: формирование конкурентоспособной личности, обладающей компетенциями глобальной гражданственности.**

- ожидаемые результаты обучения определять темы и цели исследования для изучения глобального вопроса;
- определять, описывать и критически сравнивать точки зрения на глобальные проблемы;
- отбирать информацию и доказательства, имеющие отношение к аргументу или проблеме;
- рассматривать и обсуждать альтернативные точки зрения

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің 7<sup>а,2</sup>, 8<sup>а,2</sup> кластарында вариативтік компонент бөлімінен элективті курстарға аптасына 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсы жүргізіледі.**

Мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің 9<sup>а,2</sup> кластарында вариативтік компонент бөлімінен элективті курстарға аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсы жүргізіледі.**

Мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық – гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің 10<sup>б</sup> класында вариативтік компонент бөлімінен элективті курстарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы, мақсаты – білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.**

Күтілетін нәтиже:

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін қалыптастырады

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмектісе алады.

**«Отантану»** курсы. Мақсаты: тарихи тұлғалардың біздің Отанымыздың дамуына қосқан зор үлесінің маңыздылығын білуге үйрету; Оқушыларды қазіргі заманда жетіспейтін адами құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың рухани байлықтарын жетілдіру, дүние жүзілік мәдениет дамуымен таныстыру; Оқушының тарихи дүниетанымын кеңейту, өз бетімен ойын жүйелей білуге үйрету, қосымша деректерді қолдана отырып тарихи сананы қалыптастыру; Адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жан-жақты білімді, өзі ойын еркін білдіре алатын, дүниетанымдық көзқарасы қалыптасқан, тарихи құндылықтарды бағалай білетін, зиялы тұлға тәрбиеленеді.

**«Математикалық сауаттылық»** курсы. Мақсаты: Оқушылардың математикалық сауаттылығын нығайту арқылы құзіреттілік деңгейлерін көтеру. Танымдық-шығармашылық қабілеттерін арттыру (мәтінді есептер шығару, сандық салыстыруға арналған тапсырмалар)

Күтілетін нәтиже:

- Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын табады;
- Өз бетінше білім алу дағдыларына негіз салады;
- Табиғи қасиеттерін, математикалық білім деңгейлерін тереңдетеді;
- Өмір мен қоғамға аса құжатты мәселелерді математика ғылымына тән жан-жақты талдайды;

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің 10<sup>а</sup> класында вариативтік компонент бөлімінен элективті курстарға «Экологиялық география» курсы.** Мақсаты: «Адам – қоғам – табиғат» арасындағы үйлесімділікке тәрбиелеу арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

-Оқушыларды салауатты өмір салтына, белсенді азаттық, өмірлік ұстанымға тәрбиелеу;

-Оқушылардың бейіндік-кәсіптік бағдарын дамыту, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға ықпал жасау;

-Әр түрлі қажетті материалдарды жинақтау және талдау барысында мәліметтерді өздігінен өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыру.

**«Математикалық сауаттылық»** курсы.

Мақсаты: Оқушылардың бойынан өмірдегі математиканың рөлін анықтап, түсіну, негізделген, дәлелденген математикалық тұжырымдарды айту және бақылаушы, қызығушы, ойлаушы азаматтың болашақ

қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін математиканы пайдалану қабілеттілігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

-Қоршаған ортада пайда болатын, математика құралдарымен шешілетін мәселелерді көре алады;

-Бұл мәселелерді математика тілінде тұжырымдайды;

-Математикалық фактілер мен әдістерді қолданып мәселелерді шешеді;

-Қолданған шешу әдістерін талдайды;

-Қойылған мәселеге байланысты алынған нәтижені интерпретациялайды;

-Шешу нәтижелерін тұжырымдайды және жазады.

**«Жаһандық құзыреттілік»** курсы, мақсаты – білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

-Оқушы бойында экологиялық білім жүйесі қалыптасады

-экология саласындағы ғылыми жетістіктермен танысады

-экологиялық проблемаларды шешуде өз нұсқаларын ұсына алады

-қоршаған ортаны қорғауға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға үйренеді

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің 11<sup>а-б</sup> кластарында вариативтік компонент бөлімінен элективті курстарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы. Мақсаты:** білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру.

Күтілетін нәтиже:

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін қалыптастырады

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмектісе алады

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдай алады Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын

сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарын біледі.

**«Отантану» курсы.** Мақсаты: -Оқушылардың өз елінің тарихын оқып білу арқылы белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру;

- Оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін қосымша тарихи әдебиеттерді, құжаттар, деректерді оқыта отырып толықтыру, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту, қазіргі ғаламдану заманында тарихтың мәнін түсініп, оған құрметпен қарауға тәрбиелеу.

- Оқушылардың Қазақстан тарихы бойынша алған білімдерін қайталап, тереңдетіп, пәннің қазіргі тұрмыс – тіршіліктегі, мәдениетті дамытудағы ролін ашу, қоғамға ғылыми көзқарасты қалыптастырып бекіту, теориялық білімдерін, есте сақтау, ойлау қабілетін дамытып, келешекте өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатын тұлғаның қалыптасуына септігін тигізу.

- Шығармашылықпен жұмыс жасап, басқа пәндерден алған білімдерін, мерзімді баспасөз материалдарын пайдалана отырып баяндамалар, рефераттар дайындауға, тарихи оқиғаларға, тарихи қайраткерлердің қызметіне баға бере білуге, өз ой – пікірін ашық айтуға үйрету, оқушының ой - өрісін дамыту, өзіндік білім алуға дайындау, азаматтық сана қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

-Оқушылардың ойлау жүйелілігі мен өзіндік ой топшылауы қалыптасады.

- Оқушылар өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады.

- Хронологиялық кестелерді, тірек жүйелерін құра біледі.

-Тарихи даталарды есте сақтаулары жетіледі.

-Өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізе алады

**II а класына арналған - «Медициналық биология» курсы.** Мақсаты: Генетика ауруларының түрлерімен таныстыру, ауру ерекшеліктерін қарастыра отырып, аурулардың алдын алу шараларының әдістерін саралау. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын тереңдету және оқушыларға бейінді-кәсіби бағдар беру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушыларды салауатты өмір салтына, белсенді азаттық, өмірлік ұстанымға тәрбиелеу;

- Оқушылардың бейіндік-кәсіптік бағдарын дамыту, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға ықпал жасау;

- Әртүрлі қажетті материалдарды жинақтау және талдау барысында мәліметтерді өздігінен өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыру;

**II ә класына арналған - «Математикалық сауаттылық» курсы.**

Мақсаты: Оқушылардың бойынан өмірдегі математиканың ролін анықтап, түсіну, негізделген, дәлелденген математикалық тұжырымдарды айту және бақылаушы, қызығушы, ойлаушы азаматтың болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін математиканы пайдалану қабілеттілігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

-Қоршаған ортада пайда болатын, математика құралдарымен шешілетін мәселелерді көре алады;



- Бұл мәселелерді математика тілінде тұжырымдайды;
- Математикалық фактілер мен әдістерді қолданып мәселелерді шешеді;
- Қолданған шешу әдістерін талдайды;
- Қойылған мәселеге байланысты алынған нәтижені интерпретациялайды;

-Шешу нәтижелерін тұжырымдайды және жазады.

**Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасын басшылыққа ала отырып, осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген «Үлгілік оқу жоспары» қолданылатын болады.**

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынды [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz)

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда ҚР ОАМ №130 бұйрығымен бекітілген 3 құжатты жүргізеді: перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, серуендеу, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

**Шағын орталық тобында іс-әрекетті ұйымдастыру ерекшеліктері:**

Мектеп жанындағы шағын орталықта екі топ жұмыс жасайды, оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

«Күншуақ» кіші тобы (2-3жас) - 1топ, 19 бала.

«Балдырған» ортаңғы тобы (3-4жас) - 1топ, 23 бала.

**Мектеп алды даярлық сыныбында іс-әрекетті ұйымдастыру ерекшеліктері:**

Мектепалды даярлық сыныбында (5-6жас) екі топ жұмыс жасайды.

МАД «а» сыныбында – 12 бала

МАД «ә» сыныбында – 13 бала. Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

**Инклюзивті оқытудың оқу жұмыс жоспары бойынша ҚР «Білім туралы» Заңының баптарында білім алушылардың білім беру бағдарламаларына тең қолжетімділікті, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды, мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін қарастыратын мемлекеттің білім беру саласындағы саясатының мәні мен принциптері айқындалған. ҚР «Білім туралы» Заңының 3- бабында «...1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі...» деген принциптері белгіленген. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 1-бабына сәйкес мемлекет инклюзивті білім беруді іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды білім берудің барлық деңгейлерінде дамуындағы ақаулықты түзету және әлеуметтік бейімдеу, олардың білім алуы үшін арнайы жағдайларымен қамтамасыз етеді.**

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті сыныптарға қабылдануы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларының» нормативтік нұсқамаларымен айқындалды. Жалпы білім беретін мектептердің инклюзивті сыныптарындағы оқушылардың саны білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Инклюзивті сыныптардағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламалары бойынша ҚР МЖМС 1.4.002-2012 және ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық) ұсынымдарына сәйкес іске асырылды. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы сабақтар ерекше оқытуды

қажет ететін балаларды оқыту үшін жеке ықпалды қолдану арқылы жүргізіліп отыр.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы бойынша Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі бойынша мүмкіндігі шектеулі 2 бала тіркеуде тұр. Олар: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы **25.08.2022 жылғы №496 қорытындысы бойынша 7 «б» - сынып оқушысы - Сисенов Темирлан** үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 412 бұйрығы – 10 қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 10- қосымша 7-тарау. «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **24.08.2022 жылғы №485 қорытындысы бойынша 3 «ә» - сынып оқушысы - Жамет Дария** үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 412 бұйрығы 4 – қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 4- қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» бойынша сыныппен біріктіріліп оқытылады.

**Үйден оқытудың оқу жұмыс жоспары бойынша** ҚР «Білім туралы» Заңының 3-бабында «білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері» анықталған: 1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі. Ал «адамдардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық педагогикалық консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуеттік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді» деп айтылған 14-бабына (аталған құжаттың) сәйкес туындаған мәселелер бойынша шешім табуға болады.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық конституция» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы бойынша Ақкемер ЖББОМ-де үйде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі 2 оқушы тіркеуде тұр. Олар: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **14.08.2022 жылғы № 21730 қорытындысы негізінде «Мұғалжар аудандық ауруханасы» МКМ-нің**

**«Дәрігерлік-консультациялық комиссияның» 02.09.2022 жылғы ВКК №551 қорытындысы бойынша 5 «ә» сынып оқушысы мүмкіндігі шектеулі Қуандық Сәбит Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 412 бұйрығы 6 – қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 6- қосымша 9-тарау. Қазақ тілінде жеке тегін оқыту (арнайы оқу бағдарламалар бойынша) негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарымен үйден оқытылады.**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 13.04.2020 жылғы №20672 қорытындысы негізінде «Мұғалжар аудандық ауруханасы» МКМ-нің «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның» 25.08.2022 жылғы ВКК №497 қорытындысы бойынша 2 «а» класының оқушысы Ильясова Айару Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 412 бұйрығы 4 – қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 4- қосымша «11-тарау. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын зиятының орташа түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» үйден оқытылады.**

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің  
(жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары**

